

ОТЗЫВ

**на диссертационную работу Наурызбайқызы Гүлданы по теме
«Национальные особенности дискурса (на основе материалов казахского,
русского и английского языков)» на соискание ученой степени доктора
философии (PhD) по специальности «8D02304 – Филология»**

В современной лингвистике понятие дискурса рассматривается как сложный феномен, отражающий пересечение языка и культуры, мышления и коммуникативной деятельности. Дискурс – это не только языковая структура, но и коммуникативное действие, осуществляемое в определённом историческом, социальном и культурном контексте, через которое проявляется национальное мировоззрение, система ценностей, культурные коды и менталитет.

В науке понятие «национальная особенность» обозначает присущие определённому этносу языковые, психологические, культурные и мировоззренческие особенности. Это понятие тесно связано с такими категориями, как национальная идентичность, языковое сознание, лингвокультурные коды. Дискурсивный опыт каждой нации – важный показатель её культурной памяти, социальных норм, семейной структуры и традиций общения. В этом контексте исследование национальных особенностей на основе языковых данных и дискурсивных структур является важным направлением в изучении взаимосвязи языка и культуры.

Диссертационная работа посвящена одному из актуальных направлений современной лингвистики – исследованию дискурса и его национальных особенностей. В научном труде проводится сопоставительный анализ семейного дискурса в казахском, русском и английском языках с лингвокультурной, прагматической и когнитивной точек зрения. Актуальность исследования обусловлена необходимостью сохранения национальной самобытности и языковой идентичности в условиях глобализации, а также адаптацией личности к межкультурной коммуникации в условиях трехязычия.

В первой главе исследования рассмотрены теоретико-методологические основы изучения национальных особенностей дискурса, с научной точностью проанализированы определения понятия дискурса в отечественном и зарубежном языкознании, а также его лингвистические и экстралингвистические характеристики. В первом параграфе представлены история формирования понятия дискурса и основные научные подходы, а также с опорой на конкретные теоретические положения раскрыты отличия между дискурсом, текстом и речью. Во втором параграфе описывается сущность национальной особенности, а также определяющие её культурные, языковые, исторические и психологические факторы. Дан всесторонний теоретический обзор таких понятий, как национальная идентичность, культурный код и менталитет. В третьем параграфе проанализированы когнитивные, лингвокультурные и дискурсивные аспекты

национальной специфики. С лингвистической точки зрения обоснованы такие понятия, как «концепт», «концептосфера», «языковая репрезентация», и определено их роль в объекте исследования. В целом данный раздел определяет методологическую основу, понятийный аппарат и научное обоснование диссертационной работы.

Во второй главе проведён глубокий сопоставительный анализ национальных особенностей семейного дискурса в казахских, русских и английских художественных текстах с лингвокультурной, прагматической и когнитивной точек зрения. В качестве источников исследования были успешно выбраны произведения, ярко отражающие национальные особенности семейного общения: роман Оралхана Бокея «*Amau-kere*», повесть Льва Толстого «*Детство*» и роман Томаса Харди «*Tess of the d'Urbervilles*». Система семейных отношений и проявления культурно-национальных кодов в этих произведениях полностью соответствуют целям исследования. В первом параграфе описываются семантическая структура и национальное содержание концепта «семья» в художественных текстах. С научной точностью сопоставляются концептуальные различия и сходства моделей семьи у разных народов. Соискатель на основе текстовых фрагментов показывает, как проявляются национальный менталитет, семейные ценности и ролевые модели. Во втором параграфе описаны речевые стратегии и нормы общения через призму межкультурных прагматических особенностей: в казахском дискурсе доминирует уважение к старшим; в русском – открытое выражение эмоций; в английском – нейтральность и лаконичность высказываний. В третьем параграфе исследована языковая репрезентация национальной психологии в художественных текстах. Соискатель описывает, как через фразеологические единицы, пословицы и поговорки, оценочные выражения и культурные символы отражается национальное мировоззрение.

Третья глава составляет эмпирическую основу диссертации. На основе анкетирования и интервью с респондентами были систематизированы данные, позволяющие с помощью конкретных фактов обосновать национальную специфику дискурсивных моделей и концептов. В первом параграфе приведено сопоставительное описание того, как концепт «семья» ассоциируется в сознании респондентов. Соискатель провела онлайн-опрос среди 300 респондентов, собрала их ассоциативные реакции на слово «семья» и выполнила как количественный, так и качественный анализ. Наиболее частыми ассоциациями у казахоязычных респондентов стали слова: «шаңырақ» (очаг), «жанұя» (семья), «береке» (благополучие), «ата-ана» (родители), «Отан» (Родина), что указывает на преобладание духовно-национальных ценностей и коллективного сознания. У русскоязычных респондентов с концептом «семья» ассоциируются такие слова, как: «любовь», «уют», «друзья», «поддержка», где на передний план выходят эмоционально-экспрессивные характеристики и ценности заботы. У англоязычных респондентов наиболее часто встречаются ассоциации: «parents»

(родители), «support» (поддержка), «care» (забота), «home» (дом), «relationship» (отношение), «happiness» (счастье), отражающие индивидуальную свободу, уверенность и нейтральность. Во втором параграфе, на основе устных интервью, проводится сопоставительный анализ речевых особенностей, коммуникативных стратегий и прагматических норм семейного общения представителей трёх культур. В казахских семьях речь, как правило, строится с учётом традиций, возрастной иерархии, воспитательных и моральных норм. В русском семейном дискурсе доминирует открытое выражение эмоций и свободный диалог между родителями и детьми. В английском семейном дискурсе преобладают формальность и нейтральная манера общения.

В ходе обучения в докторантуре, прохождения зарубежной стажировки под моим научным руководством и подготовки диссертационной работы соискатель в полной мере овладела исследовательскими навыками. По результатам работы опубликована одна статья в журнале *International Journal of Society, Culture and Language*, входящем в базу данных Scopus (процентиль 89%, Q1), две статьи в научных изданиях, рекомендованных Комитетом по обеспечению качества в сфере науки и высшего образования Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан, и две статьи – в сборниках научных конференций.

В целом, диссертационная работа Наурызбайқызы Гүлданы отвечает всем требованиям, предъявляемым к получению степени доктора философии (PhD) по специальности «8D02304 – Филология». Учитывая высокий уровень выполнения научной работы, её теоретическую и практическую значимость, рекомендуем присудить Наурызбайқызы Гүлдане степень доктора философии (PhD) по специальности «8D02304 – Филология».

Зарубежный научный консультант –
доктор филологических наук,
профессор кафедры иностранных языков
гуманитарных факультетов
Уфимского университета науки и технологий,
г. Уфа, Россия

А.Р. Мухтаруллиной

23.05.2025 г.



**Наурызбайқызы Гүлдананың «8D02304 - Филология» мамандығы
бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған
«Дискурстың ұлттық ерекшеліктері (қазақ, орыс, ағылшын тілі
материалдары негізінде)» диссертациялық жұмысына**

ІШКІР

Қазіргі лингвистикада дискурс ұғымы тіл мен мәдениеттің, ойлау жүйесі мен коммуникативтік әрекеттің тоғысқан тұсын сипаттайтын күрделі феномен ретінде қарастырылады. Дискурс – бұл тек тілдік құрылым ғана емес, ол – белгілі бір тарихи, әлеуметтік, мәдени кеңістікте жүзеге асатын коммуникативтік әрекет, сол арқылы ұлттық дүниетаным, құндылықтар жүйесі, мәдени кодтар мен менталитет көрініс табатын кең өрісті құрылым.

Ғылымда «ұлттық ерекшелік» ұғымы белгілі бір этносқа тән тілдік, психологиялық, мәдени, дүниетанымдық сипаттарды білдіреді. Бұл ұғым ұлттық бірегейлік, тілдік сана, лингвомәдени кодтар секілді басқа да түсініктермен тығыз байланысты. Әр ұлттың дискурстық тәжірибесі – оның мәдени жадын, әлеуметтік нормаларын, отбасылық құрылымын және қарым-қатынас дәстүрін айқындайтын маңызды көрсеткіш. Осы ретте, ұлттық ерекшеліктерді тілдік деректер мен дискурстық құрылымдар арқылы зерттеу тіл мен мәдениет сабақтастығын тануда маңызды бағыт болып саналады.

Диссертациялық жұмыс қазіргі заманғы лингвистикадағы өзекті бағыттардың бірі дискурс және оның ұлттық ерекшеліктерін зерттеуге арналған. Ғылыми жұмыста қазақ, орыс және ағылшын тілдеріндегі отбасы дискурсы лингвомәдени, прагматикалық және когнитивтік тұрғыдан салғастырыла зерттеліп, әр мәдениет өкілінің дүниетанымын, қарым-қатынас стилін тілдік репрезентациялар арқылы талдауға ұмтылыс жасалған. Зерттеудің өзектілігі жаһандану жағдайында ұлттық болмысты, тілдік бірегейлікті сақтау мәселесінің маңыздылығы мен қазіргі үштілділік жағдайында тұлғаның мәдениаралық коммуникацияда бейімделуімен тығыз байланысты.

Зерттеу жұмысының бірінші бөлімінде дискурстың ұлттық ерекшеліктерін зерттеудің теориялық-әдіснамалық негіздері қамтылған, дискурс ұғымының отандық және шетелдік тіл біліміндегі анықтамалары, оның лингвистикалық және экстралингвистикалық сипаттамалары ғылыми дәлдікпен сараланған. Бірінші тармақта дискурс ұғымының қалыптасу тарихы мен ғылыми көзқарастар жүйеленіп, дискурс пен мәтіннің, сөйлесімнің айырмашылықтары нақты ғылыми дәлелдермен сипатталған. Екінші тармақта ұлттық ерекшеліктің мәні, оны айқындайтын мәдени, тілдік, тарихи және психологиялық факторлар сипатталады. Ұлттық бірегейлік, мәдени код, менталитет ұғымдарына жан-жақты теориялық шолу жасалған. Үшінші тармақта ұлттық ерекшеліктің когнитивтік, лингвомәдени және дискурстық аспектілері талданған. «Концепт», «концептосфера», «тілдік репрезентация» сияқты ұғымдарға лингвистикалық

тұрғыдан негіздеме беріліп, олардың зерттеу нысанындағы орны айқындалған. Жалпы бұл бөлім диссертациялық жұмыстың әдіснамалық негізін, терминологиялық аппаратын және ғылыми негіздемесін анықтайды.

Екінші бөлімінде қазақ, орыс және ағылшын көркем мәтіндеріндегі отбасы дискурсының ұлттық ерекшеліктерін салғастыра отырып, лингвомәдениеттанымдық, прагматикалық және когнитивтік аспектілерде терең талдау жүргізілген. Зерттеу дереккөздері ретінде тандалған Оралхан Бөкейдің «Атау-кере» романы, Лев Толстойдың «Детство» повесі және Томас Хардидің «Tess of the d'Urbervilles» романы отбасы дискурсының ұлттық сипатын айқын танытатын көркем мәтіндер ретінде сәтті іріктелген. Бұл туындылардағы отбасылық қатынастар жүйесі, мәдени-ұлттық кодтардың көрінісі зерттеудің мақсатына толық сәйкес келеді. Бірінші тармақта көркем мәтіндегі «отбасы» концептісінің мағыналық құрылымы мен ұлттық мазмұны сипатталады. Әр халықтың отбасы моделіндегі концептілік айырмашылықтар мен ұқсастықтар ғылыми дәлдікпен салыстырылады. Ізденуші көркем мәтіндерден алынған үзінділер арқылы ұлттық менталитеттің, отбасылық құндылықтардың, рөлдік модельдердің қалай көрініс табатынын көрсетеді. Екінші тармақта сөйлеу стратегиялары мен қарым-қатынас нормалары мәдениетаралық прагматикалық ерекшеліктер арқылы сипатталған. Қазақ дискурсында – үлкенді сыйлау, орыс дискурсында – эмоцияның ашық берілуі, ағылшын дискурсында – бейтарап, қысқа сөйлеу басым екені анықталған. Үшінші тармақта ұлттық психологияның көркем мәтіндегі тілдік репрезентациясы зерттелген. Ізденуші бұл жерде фразеологиялық бірліктер, мақал-мәтелдер, эмоционалды-бағалауыш тіркестер, мәдени символдар арқылы ұлттық дүниетанымның тілдік көрінісін сипаттайды.

Үшінші бөлім диссертацияның эмпирикалық негізін құрайды. Респонденттермен жүргізілген сауалнама мен сұхбаттар негізінде алынған мәліметтер жүйеленіп, дискурстық модельдер мен концептілердің ұлттық ерекшелігін нақты деректер арқылы дәлелденген. Бірінші тармақта «отбасы» концептісінің респонденттер санасында қалай ассоцияланатыны салыстырмалы түрде көрсетілген. Ізденуші 300 респондентке онлайн сауалнама жүргізіп, олардың «отбасы» сөзіне қатысты ассоциативтік реакцияларын жинақтап, сандық және сапалық тұрғыдан талдау жасаған. Қазақ тілді респонденттердің ең жиі келтірген ассоциациялары: «шаңырақ», «жанұя», «береке», «ата-ана», «Отан» сияқты сөздер. Бұл жауаптарда ұлттық-рухани құндылықтар, ұжымдық сана құрылым басым. Орыс тілді респонденттер үшін «семья» концептісімен ассоциативті түрде келетін сөздер: «любовь» (махаббат), «уют» (жайлылық), «друзья» (достар), «поддержка» (қолдау). Мұнда эмоциялық-экспрессивтік сипат пен қамқорлық құндылықтары алдыңғы орында тұр. Ағылшын тілді респонденттердің жиі атаған ассоциациялары: «parents» (ата-ана), «support» (қолдау), «care» (қамқорлық), «home» (үй), «relationship» (қарым-қатынас), «happiness» (бақыт). Бұл жауаптарда жеке тұлғаның еркіндігі, сенімділік, бейтараптық үлгілері байқалады. Екінші тармақта ауызша сұхбаттар негізінде әр

ұлттың отбасындағы сөйлеу ерекшеліктерін, қарым-қатынас стратегияларын, прагматикалық нормалары салғастырылады. Қазақ отбасындағы сөйлеу ерекшеліктері негізінен дәстүрге, жас ерекшелігіне, иерархияға, тәрбие мен инабаттылыққа негізделген. Орыс отбасы дискурсы эмоцияны ашық білдіруге, ата-ана мен бала арасындағы еркін диалогқа негізделген. Ағылшын отбасы дискурсында формалдылық пен бейтарап сөйлеу жиі байқалады.

Ізденуші докторантурада оқу барысында, шетелдік тәжірибеден өзімнің жетекшілігіммен өту барысында және диссертациялық жұмысты дайындау кезінде ғылыми-зерттеу жұмысын жеткілікті игергенін көрсетті. Жұмыстың нәтижелері бойынша бір мақала Scopus мәліметтер қорына кіретін International Journal of Society, Culture and Language, Процентиль 89%, Q 1 болатын ғылыми журналда жарық көрген. Қалған 2 мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған ғылыми басылымдарда және 2 мақала ғылыми конференция жинақтарында жарияланған.

Қорыта айтқанда, Наурызбайқызы Гүлдананың диссертациялық жұмысы «8D02304-Филология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға қойылатын барлық талаптарға толық жауап береді. Ғылыми жұмыстың жоғары деңгейде жазылуын, теориялық және практикалық маңыздылығын ескере отырып, Наурызбайқызы Гүлданаға «8D02304-Филология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін беруге лайық деп есептейміз.

Шетелдік ғылыми кеңесші –
филология ғылымдарының докторы,
Уфа ғылым және технологиялар университеті
гуманитарлық факультеттердің шетел тілдері
кафедрасының профессоры
Уфа қаласы, Ресей

А.Р. Мухтаруллина

23.05.2025 ж.



Исх. № Мухтаруллиной А.Р.
Принято 23 05 2025 г.
Подпись Г. Мухтаруллиной
М.П. Г. Р.